



Қоғамдық тындауларды өткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 7 мамырдағы № 135-е Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 30 мамырдағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4687 болып енгізілді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Энергетика министрінің 21.06.2016 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексі 17-бабының 30) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоғамдық тындауларды өткізудің қоса берілген қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Энергетика министрінің 21.06.2016 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің құрылымдық және аумақтық бөлімшелердің мәліметіне жеткізілсін.

3. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізілсін.

Министр

Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау министрінің
2007 жылғы 7 мамырдағы
№ 135-е бұйрығымен
бекітілген

Қоғамдық тындауларды өткізу қағидалары

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - КР Энергетика министрінің 21.06.2016 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қоғамдық тындауларды өткізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 17-бабының 30) тармақшасына сәйкес әзірленді және қоғамдық тындауларды өткізу тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) жұртшылық - бір немесе бірден астам жеке немесе заңды тұлға, олардың ассоциациялары, ұйымдары немесе топтары, қоғамдық бірлестіктер;

2) қоғамдық тыңдаулар – мұдделі жұртшылықтың пікірін есепке алу үшін ашық отырыстарды, сауалдарды өткізу арқылы мемлекеттік және басқарушылық шешімдерді қабылдау процесінде қатысуға жұртшылықтың құқықтарын іске асыру нысандардың бірі;

3) мұдделі жұртшылық – қоршаған ортаға қатысты мәселелер жөніндегі шешімдер қабылдау процесімен қозғалатын немесе қозғалуы мүмкін, немесе осы процесске мұдделігі бар жұртшылық;

4) тапсырыс беруші - жоспарланған басқарушылық, шаруашылық, инвестициялық және өзге қызметтің бастамашысы;

Осы Қағидаларда қолданылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

3. Кодекстің 20-бабының 4) тармақшасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы органдар) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қоғамдық тыңдау ұйымдастырады.

4. Қоғамдық тыңдаулардың қатысушылары:

1) мұдделі жұртшылық;

2) жергілікті атқарушы орган;

3) I санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган;

4) талқыланатын шешімдерді қабылдау құзыретіне жататын мемлекеттік органдар;

5) бұқаралық ақпарат құралдары (бұдан әрі - БАҚ), олар мұдделі болған жағдайда;

6) тапсырыс беруші болып табылады.

5. Осы қағидалардың 1-қосымшасының нысанына сәйкес жергілікті атқарушы органдың интернет-ресурсында "Қоғамдық тыңдаулар" деген арнайы айдар құрылады.

6. Қоғамдық тыңдау:

1) Мыналар:

Кодекстің 57-2-бабы 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) тармақшаларында көрсетілген жобалар бойынша;

Кодекстің 57-2-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген I, II санаттағы объектілер үшін шаруашылық қызметі бойынша мүдделі жүртшылықпен ашық отырыс нысанында;

2) Кодекстің 57-2-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген III, IV санаттағы объектілер үшін мүдделі жүртшылықтың пікірін ескеру үшін саул нысанында өткізіледі.

Бұл ретте осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша саул параптарты ресімделеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.09.2017 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен

7. Кодекстің 41-бабы 1-тармағының 14) тармақшасын қоспағанда, Кодекстің 41-бабының 1-тармағына сәйкес Тапсырыс беруші қоғамдық тындауға қоршаған ортага әсерді бағалау жөніндегі құжаттаманы ұсынады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.09.2017 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен

2-тарау. Қоғамдық тындауларды өткізу тәртібі

1 параграф. Ашық отырыс нысанындағы қоғамдық тындаулар

8. Тапсырыс беруші алдын ала жергілікті атқарушы органмен қоғамдық тындауды өткізуудің уақыты мен орнын, мүдделі жүртшылықтың тізімін алдын ала келіседі және оны құлақтандырудың едәуір тиімді тәсілдерін (БАҚ-та хабарландырулар, ақпараттық параптартар, стендтер, жеке хабарламалар, жазбаша мәлімдемелер) негіздейді.

9. Жергілікті атқарушы орган мүдделі жүртшылықтың тізімін, оны құлақтандыру тәсілін, қоғамдық тындауларды өткізуудің уақыты мен орнын, қоғамдық тындауды өткізуге жауапты тұлғаны анықтайды.

10. Ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тындау өткізу үшін тапсырыс беруші мынадай мәліметтерді:

қоғамдық тындау өткізу күні, уақыты және орнын;

жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тындауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректерін;

ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасының мекенжайын;

жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайын;

жүртшылық өкілдерінің жоба материалдарымен қағаз түрінде танысуға мүмкін болатын орнының мекенжайын;

мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік органның атауын;

тапсырыс берушінің атауын және байланыс деректерін;

тапсырыс берушінің ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын интернет-ресурсының немесе электрондық поштасының мекенжайын;

құжаттаманы әзірлеушінің атауы және байланыс деректерін көрсете отырып, қоғамдық тыңдау өткізілгенге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік және орыс тілдерінде ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдау өткізу туралы хабарландыруды БАҚ-да жариялады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.09.2017 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен

11. Тапсырыс беруші қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы хабарландыруды, жоба бойынша құжаттаманы жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында жариялау үшін жолдайды.

12. Жергілікті атқарушы органдар қоғамдық тыңдауларды өткізуге дейінгі жиырма күнге дейін белгіленіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау жөніндегі рәсіміне және осы қызмет бойынша шешім қабылдау процесіне жататын экологиялық ақпаратқа ашық қолжетімділікті интернет-ресурсы арқылы, сонымен қатар құлақтандырудың өзге де әдістерін қолдана отыра қамтамасыз етеді.

13. Мұдделі жүртшылық тапсырыс берушіге жоба құжаттамасына өз ескертулері мен ұсыныстарын (болған жағдайда) қоғамдық тыңдаулар өтетін күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

14. Қоғамдық тыңдау өтетін күні белгіленген уақытта және орында қоғамдық тыңдауды өткізуге жауапты тұлға қатысушыларды тіркеуді жүргізеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.09.2017 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен

15. Қоғамдық тыңдауды жергілікті атқарушы органның өкілі ашады. Қатысушылардың көшілік дауысымен күн тәртібі мен регламент бекітіледі, тәраға мен хатшы сайланады.

16. Тапсырыс берушінің жоба туралы баяндамалары тындалады. Баяндамаларда Кодекстің 41-бабының 1-тармағында көрсетілген Кодекстің 41-бабы 1-тармағының 1, 2, 14) тармақшаларын қоспағанда ақпарат қамтылады

17. Қоғамдық тындауларда белгіленген регламентке сәйкес барлық қалаушылар пікірін білдіреді және баяндамашыларға сұрақ қояды.

18. Жергілікті атқарушы орган қоғамдық тындау отырысының электронды жазбасын қамтамасыз етеді.

19. Қоғамдық тындаудың нәтижелері осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген нысан бойынша хаттамамен ресімделеді. Хаттама қоғамдық тындауға қатысқан адамдардың пікірлері және интернет-ресурсы арқылы немесе ақпараттандырудың өзге де тәсілдерін қолдана отырып, қабылданған ескертулер мен ұсыныстар ескеріле отырып жасалады. Хаттамада тапсырыс берушінің жобасына қатысты мүдделі жүртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары және әрбір ескерту мен ұсынысты ескеру бойынша тапсырыс берушінің ұстанымы, сондай-ақ шешімге шағымдану мүмкіндігі туралы ақпарат орын табады. Хаттамаға қоғамдық тындау төрағасы мен хатшысының қолы қойылады және ол қоғамдық тындау өткеннен кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.09.2017 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

20. Қоғамдық тындауды өткізгеннен кейінгі жеті күннен кейін жеті жұмыс күн ішінде Тапсырыс беруші қоғамдық тындау хаттамасының бір данасын жариялау үшін жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсына жариялауға ұсынады.

21. Қоғамдық тындау осы Қағидалардың 4-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген өкілдер міндетті түрде қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.09.2017 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2 параграф. Сауал нысанындағы қоғамдық тындаулар

22. Тапсырыс беруші жергілікті атқарушы органды сауал нысанында қоғамдық тындауды өткізу жөнінде ескерtedі.

23. Жергілікті атқарушы орган жүртшылықтың қоғамдық тындауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жетімділігін қамтамасыз етуге жауапты тұлғаны анықтайды.

24. Тапсырыс беруші мемлекеттік және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдауларды сауал нысанында өткізу жөнінде хабарландыруды БАҚ-да мынадай мәліметтерді:

жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды өткізуге жауапты тұлғаның байланыс деректерін;

мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік органның атауын;

тапсырыс берушінің атауын және байланыс деректерін;

құжаттаманы әзірлеушінің атауын және байланыс деректерін;

мұдделі жүртшылықтың пікірін ескеру жөніндегі саулнама парагы және жоба бойынша құжаттама жарияланған мемлекеттік органның интернет-ресурсының мекенжайын;

ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын Тапсырыс берушінің электрондық поштасының немесе интернет-ресурстың мекенжайын;

ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды бастау және аяқтау күндерін көрсете отырып, сауал нысанындағы қоғамдық тыңдаудың өтетін кезеңін (кем дегенде жиырма жұмыс күні) көрсете отырып, жариялады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.09.2017 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен

25. Жергілікті атқарушы органның жауапты тұлғасы мұдделі жүртшылықтан ұсыныстар мен (немесе) ескертулер түсken жағдайда, оны тапсырыс берушіге жолдайды.

26. Тапсырыс беруші жүртшылықтан түсken ұсыныстар мен (немесе) ескертулеріне талдау жасайды.

27. Жергілікті атқарушы органның жауапты адамы Тапсырыс берушімен бірлесіп, осы Қағидалардың 4-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша сауал нысанында қоғамдық тыңдау өткізу туралы хаттама жасайды. Хаттамада мұдделі жүртшылықтың ұсыныстары мен ескертулері және Тапсырыс берушінің әрбір ұсынысты не (немесе) ескертулерді ескеру бойынша ұстанымы және шешімге шағымдану мүмкіндігі туралы ақпарат орын табады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.09.2017 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен

28. Сауал нысандығы қоғамдық тыңдаулар өткеннен кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей қоғамдық тыңдаулар хаттамасы жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. Қағида 28-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 08.09.2017 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен

Қоғамдық тыңдауларды
өткізу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

**Жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсындағы
"Қоғамдық тыңдаулар" айдары**

Орналастыру күні	Хабарландыру
	Қоғамдық тыңдауды өткізу туралы хабарландыру мәтіні, сонымен қатар жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға, ұсыныстар мен ескертулердің кабылдауға жауапты тұлғаның байланыс деректері; мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік органның атауы; тапсырыс берушінің атауы; жоба бойынша құжаттама жарияланған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы; құжаттаманы әзірлеушінің атауы; күні, уақыты, орны.
	Жоба бойынша құжаттамаға мүдделі жүртшылықтың ескертулері, ұсыныстары мүдделі жүртшылықтың ескертулеріне, ұсыныстарына тапсырыс берушінің жауаптары
	қоғамдық пікір есебі бойынша сауалнама параграфы
	қоғамдық пікір есебі бойынша толтырылған сауалнама параграфы
	қоғамдық тыңдаулар хаттамасы
	сауалнама нысанындағы қоғамдық талқылау өткізу туралы хаттама

Қоғамдық тыңдауларды
өткізу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Мүдделі жүртшылықтың пікірін есепке алу жөніндегі

САУАЛ ПАРАҒЫНЫҢ № _____

Күні _____

1. А.Т.Ә, (занды тұлғаның атауы), ЖСН (БИК) _____

2. Тұрғылықты жері немесе занды
мекенжайы _____
(елді мекеннің атауы)

3. Айналысатын кәсібі _____

4. Байланыс деректері _____

(Мекенжайы, телефон, өзгесі жауап алу қажет болған жағдайда толтырылады)

5. Үйымның атаяу, мекенжайы, телефоны

(сауал қатысушы үйым атынан шығып отырған жағдайда толтырылады)

6. Жоспарланатын қызмет туралы ұсынылған ақпарат толықтырының бағасы:

7. Түсініктемелер, ұсыныстар:

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына 3-қосымша Нысан

жоба бойынша ашық отырыс нысанындағы қоғамдық тындаудың хаттамасы

Ескеरту. З-қосымша жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 08.09.2017 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1. Θткізу күні

3. Қоғамдық
тындауды үйимдастырыды

(жергілікті атқарушы орган)

4. Қоғамдық тындау өткізу туралы ақпарат жүртшылыққа

арқылы жеткізілді.

(құлақтандыруға пайдаланылған құралдарды көрсету, мысалы, БАҚ атавы және жариялау күндері)

5.

Катысқандар: _____

(толық тізімді хаттамаға қосымша ретінде ұсына отырып, барлық

Катысушыларды немесе қатысушылардың негізгі санатын көрсету)

6. Қоғамдық тындаудың күн

тәртібі: _____

(күн тәртібіндегі негізгі тармақтар және оларға қарастырылған уақыт шегі)

7. Сөз

сөйлегендер: _____

(сөз сөйлегендердің тізбесі, олардың сөйлеген сөздері мен баяндамаларының тақырыбы және негізгі мәні, сөйлеген сөзі мен баяндамаларының мәтіні болған

жағдайда, оларды хаттамаға қосымша ретінде қосу).

8. Жұртшылық өкілдерінің ұсыныстары мен ескертулері,

сұрақтары: _____

(сұрақты және жауапты, мақсатты топты немесе ұйымды көрсете отырып, ұсыныстар

мен ескертулерді жазу; жазбаша көлемді ұсыныстар мен ескертулер болған кезде –

оларды хаттамаға қосымша ретінде енгізу)

9. Тапсырыс берушінің сұрақтарға, ұсыныстар мен ескертулерге

жауаптары

– 10. Талқылау қорытындысы бойынша негізгі тұжырымдар:

11. Шешімге заңда белгіленген тәртіппен шағымдану мүмкіндігі.

Қоғамдық тындаудың

төрағасы: _____

(Тегі, аты әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Қоғамдық

тындаудың

хатшысы:

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Қоғамдық тындауларды

өткізу қағидаларына

4-қосымша

Нысан

жоба бойынша сауал нысанындағы қоғамдық тындау өткізу туралы хаттама

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 08.09.2017 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен

Мекенжайы: _____

Есепті жасау күні _____

Материалдармен танысу _____ күн ішінде _____ жылдың
бастап _____

мекенжайлары

бойынша жүргізді.

Құжаттаманың

толық

атауы:

Шаруашылық

қызметті

жүзеге

асыру

орны:

Тапсырыс

беруші:

Әзірлеуші _____

Сауал нысанында қоғамдық тындау өткізу тәртібі:

ақпараттық хабарландыруларды мына бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау:

Сауал нысанындағы қоғамдық тындау нәтижелерін өндеу:

сауал нысанында қоғамдық тындау өткізу кезінде _____ сауалнама парагы келіп түсті.

Сауал нысанындағы қоғамдық тындау өткізгеннен кейін тапсырыс берушіге ұсынылды:

Сауал нысанындағы қоғамдық тындау барысында айтылған ескертулер мен ұсыныстарға талдау:

Шешімге занда белгіленген тәртіппен шағымдану мүмкіндігі.

Жергілікті атқарушы

органның

жауапты

адамы

Тапсырыс

беруші

Қосымша: сауал нысанындағы қоғамдық тындауға қатысушылардың толтырған сауал парақтары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК